

Арқалық әуежайы

жүзден астам жұмыс орнын ұсынды

Биылғы жылы Арқалық қаласының әуежайы араға ұзақ жылдар салып өз жұмысын қайта бастайтын болады. Бүгінде әуежайдың құрылысы жүріп жатыр. Әуежай ашылған соң өңірдің транзиттік әлеуетін арттырып қана қоймай, жүзден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтымақ. Айтылған нысан бос жұмыс орындарын ұсынып, еңбек жәрмеңкесі ұйымдастырылды.



кесінде 11 қызмет түрлері бойынша жүзден астам бос жұмыс орындары ұсынылды. Жұмыс іздеушілер түйіндемелерін ұсынып, өздеріне қолайлы жұмыс орындары бойынша ақпараттар алды. Шараға Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВ қатысып, әуежай ашылса өңіріміздің дамуына тың серпін берерін айтып, соның бірі тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту екенін тілге тиек етті.

«Президентіміз Қасым – Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы бойынша қолға алынған жоба аясында әуежайдың құрылысы қарқынды жүруде. Жоспар бойынша биылғы жылы Арқалықтың әуежайынан алғашқы ұшақтар Алматы, Астана, Қостанай бағыттары бойынша ұша бастайтын болады. Бұл өз кезегінде бизнес, білім беру, ту-

ризм және халықтың мобильділігі үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осының нәтижесінде қаламыздың транзиттік әлеуеті артып, өңіріміздің дамуына оң серпін берері сөзсіз. Сондай ақ, жүздеген жұмыс орындары ашылып, тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту, халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру тұрғысынан да өз пайдасын тигізетін болады. Бүгінгі өткізіліп отырған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі сөзімді қуаттай түсері анық», -деп атап өтті қала басшысы.

Міржақып Дулатұлы атындағы әуежай болады

Арқалықтың әуежайы Алаш ардақтысы



Міржақып Дулатұлының атымен аталатын болады. Мұны облыстан келген өкіл сөз арасында айтып өтті.

«Мені ақпан айынан бастап Қостанай облыстық әуежайының Міржақып Дулатұлы атындағы Арқалық қалалық әуежайы филиалының директоры етіп тағайындайды. Бүгінгі іс шара бойынша айта кетер болсам, әуежайға кейбір жұмыс орындарына тұру үшін жоғары білім қажет емес, арнаулы орта білім де жеткілік-

ті. Әуежай стратегиялық маңызды нысан саналатындықтан мұнда жұмысқа орналасатындардың барлығы әуелі арнайы тексерістен өтеді», -деді «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай халықаралық әуежайы» АҚ басқармасының орынбасары Жаслан ИСКАОВ.

Еңбек жәрмеңкесінде авиатасымалдарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі агенттер, авиациялық қауіпсіздік қызметінің инспекторы, инспектор-профайлер (психолог), жүргізуші, механик, өрт сөндіруші, электромонтер, әуеайлақ қызметінің технигі, әуеайлақ қызметінің жұмысшысы, диспетчер, медбике

- фельдшер сынды бос жұмыс орындары ұсынылды. Арқалық қаласының әуежайына қажетті жүзден астам адамды ағымдағы жылдың ақпан айына дейін жинап, оқуға жібермек. Оқу ақысын әуежай көтереді, алайда оқу кезіндегі баспана мәселесін жұмысқа тұруға ниеттілер өздері шешуі тиіс.

Екі қабатты Арқалық қаласының әуежайы ғимаратының аумағы 1300 шаршы метр, ұшу-қону жолақтарының параметрі 2,5 мың метрді құрайды. Сағатына 70 жолаушыға дейін қызмет көрсете алатын болады. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың жаз айларында аяқталып, пайдалануға

беріледі деп күтілуде.

Арқалық әуежайының тарихы

Арқалық әуеайлағы 2-сыныпты, Ил-76, Ту-154 және одан жеңіл ұшақтарды, сондай-ақ барлық түрдегі тікұшақтарды қабылдауға қабілетті болған Кеңестік кезеңде осы жерден Қазақстанның көптеген қалаларына және Мәскеуге рейстер орындалды. Сонымен қатар жергілікті әуе желілері бойынша, атап айтқанда Арқалық - Амангелді-Торғай бағытында да рейстер болған. Википедия мәліметіне сәйкес, 1998 жылдан бастап әуежай қараусыз қалған.